

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі  
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті  
Филология және тарих факультеті  
Шетел тілдер кафедрасы

# ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ МЕН РИМ ДІНДЕРІ

Орындаған Алинова А. Н.  
Тобы ШТА-31

---

2018 ж

Ежелгі Грекия немес Эллада (гр. Ελλάδα) — б.з.б. III мыңжылдықтан б.з.б. I ғасырына дейін болған ежелгі грек мемлекеттері жерінің жалпы аты; Балкан түбегінің оңтүстігін, Эгей теңізіндегі аралдарды, Фракия жағалауын, Кіші Азияның батыс өңірін ала орналасқан.



**Ежелгі Грекия картасы**



# КӨНЕ ГРЕК МИФОЛОГИЯСЫ

- Дінтану көне грек мифологиясының дамуын үш кезеңге бөледі. Олар хтон немесе олимпке дейінгі кезең, классикалық немесе олимп кезеңі және бертмді немесе героикалық кезең.
- Бірінші ***хтон кезеңіндегі*** мифтік ұғым бойынша бүкіл әлемнің, барлық тіршіліктерінің негізгі, әрі арнасы – асыраушы ұлы Жер ана. Мифология бойынша жер тіршілік белгілері бар. Олар қоршаған ортадан, адамның өзінің қимыл-әрекеттерінен, мінез-құлықтарынан көрініс береді. Бұл кезеңдегі мифологияның басты кейіпкерлері-Медуза, Химера, Гидрад.
- ***Классикалық немесе олимп кезеңі*** патриархта өтумен, алғашқы мемлекеттің пайда болуымен ерекшеленеді. Бұл тұтастай мифологияның жаңа арнаға өтуіне жол ашты. Табиғат құбылыстарымен шендестірілген құбыжық құдайлар орнына қайрымды құдайлар бейнелері пайда бола бастады. Жаңа құдайлар әлемінің, қоғамының және адамның тұтастығы үшін күрескерлер болып суреттелді. Олардың барлығы әлемнің тең ортасы деп танылған олимп тауына топтастырылды. Осы орталықта айнала қоршаған космом кеңістігі ұғымы қалыптасты.

- 
- Бұдан шет жақтан, бұрынғы және бір ізге түсірілмеген дүние, жоқ болмыс Хаос деген түсінік орнықты. Олимп кезеңінің алғашқы мифтері жаңа құдайлардың ескі құдайлармен күресін баяндады. Бұл күресте құдайлардың үлкені Зевс титандарды, циклотарды Хаостың өзге құбыбжықтарын жеңіп оларды жердің түпсіз тереңіне-Тартарға салып, әлемді қайта жасайды. Ұлы Ана –Жер бейнесін енді Гера, Афродита, Артимиды, Афина сияқты жасампаз әйел құдайларының бейнесіне ауысады. Мифология бойынша Гера Зевстің әйелі: ал қалған үшеуі қыздары болып саналады. Теңіз құдайы Пасейдон мен жер асты дүниесінің құдайы Аид. Олар Зевстің ағалары болып келеді.



- 
- ***Бертінгі немесе Героикалық кезеңде*** әлеуметтік қатынастарда қайшылықтардың күшейе түсуімен полистер арасындағы бәсекелестіктерге байланысты бұқараның құдайларға сенімдері шайқала бастады. Халықта қаншама күшті болмасын, Зевстің өзі де, оның сүйікті ұлы Геракл де қанша ерлік жасамасын олардың бәрі құдайларда, адамдарда ақыр соңын да тағдырға тәуелді деген түсінік бастағаны аңғарылады.
  - Осыған орай грек пантеонның жартылай құдай, жартылай адам қаһармандары да халыққа қаталдық танытады. Жасаған күнәлары үшін немесе айтқан кеңестері орындамағаны үшін қатаң жазалайды. Мәселен, Троя соғысына қатысты адамдар, соның ішінде жеңілгендері де жеңгендері де қатаң жазаланады. Көне грек мифологиясымен дінінен Гомердің «Илиада» және «Одиссея» және Гесойдтің «Теогония» поэмаларында (бддVIIIғ) мол мағлұмат береді.

# ЗЕВСТІҢ АЛТЫН МҮСІНІ



Зевстің алтын мүсіні – кезінде Ежелгі Грекиядағы Олимп тауында Зевс құдайға орнатылған ескерткіш, “**әлемнің жеті кереметінің**” бірі. Б.з.б. 5 ғ-да өмір сүрген белгілі афиналық мүсінші **Фидий** сомдаған. Тақта отырған құдай мүсінінің биіктігі **17 м** болған. Зевс отырған тақ түгелдей алтын және піл сүйегінен жасалған.. Мүсінші Зевстің бір қолына ұстатқан жеңімпаздық құдайы Ника бейнесі де, екінші қолындағы қыран қонған тұғыр да алтын мен піл сүйегінен жасалған еді. Ал Зевстің басына таза алтыннан өрілген тәж кигізілген болатын. Ежелгі гректер ең үлкен бақытсыздық – Зевс құдайдың алтын мүсінін көрместен бұрын өліп кету деп есептеген. Сондықтан да ес білген әр адамға бұл бейнені көру арман болған.



# ӘЛЕМНІҢ ЖАРАТЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚҰДАЙЛАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

**Гесоид** өзінің поэмасында әлемнің жаратылуы және құдайлардың пайда болуы туралы әңгімелейді. Ол бастапқыда Хаос, Гея-жер Тартар және Эрос сияқты құдіретті күштер болды, әлемнің жаратылуында Гея-Жердің орны ерекше, ол Уран-Аспанды дүиеге келтірді, осыдан соң ол Уранмен және Тартармен қосылып түрлі құбыжықтарға өмір береді деп жазды. **Гомер** бойынша Зевс аспанға, Пасейдон теңізге, Аид жер асты әлеміне иелік етеді. Олимп тауы, барлық құдайлардың ортақ «үйі» болады, сонымен бірге Зевс барлық Олимп құдайларының үлкені. Әлем ортасынан жермен бөлінген жұмыртқа тәрізді болды, оның жоғарысында аспан, төменде Тартарға дейін, тереңге кететін төменгі аспан болды, жер үстінде Олимп тауы тұрды, осы әлемнің жаратылуын Зевс аяқтады. Зевстің бірнеше заңды әйелдері болған. Олар: Метида-ең ақылды әйел құдай; Фемида-әділет құдайы; Гера –Олимптегі бас әйел құдайы, соғыс құдайы Арес пен кәсіпшілік құдайы Гефестің анасы, заңды некенің қалаларымен қаһармандардың жебеушісі. Көне грек мифологиясы бойынша Зевс көптеген құдайлардың, нимфалармен музалардың әкесі саналады. Мәселен, саулық құдайлары Халит өнерді қолдаушы тоғыз құдай, Персефона, Артемида, Аафродита, Аполон, Гермес-бәрі Зевстен туған.

# КӨНЕ ГРЕК МИФОЛОГИЯСЫ

- Көне грек мифологиясында Зевстің ағасы, теңіз құдайы **Посейдон** ең қаһарлы құдай түрінде суреттелген. Ол өзін Зевспен тең санаған, зайыбы –Амфитря лимфамен және теңіз тұңғиығын билейтін баласы Тритонмен теңіз түбіндегі ғажайып сарайда өмір сүрген. Зевс сияқты Посейдонның да некесіз балалары көп болған. Солардың бірі жартылай адам, жартылай бұқа кейіпіндегі Минотавр. Көнедегі гректер өлген адамдар жер асты әлеміне немесе өлілер патшалығына өтеді, онда бес өзен бар, солардың біреуі-ұмтылу өзені – Летамен ағып отырып, адамдардың жандары қу мединеге, Аид патшалығына барады деп сенген. Кейінірек бұл түсінік әр адамның күнәсі анықталады, күнәсізде рЕнисей даласына күнә жасағандар Тартарға жібереледі деген ұғыммен толықтырылды. Жер асты патшалығы мен өлілер патшалығында Аид құдайы билік жүргізді. Аид қақпасын үш басты төбет –Цербер күзетті.



# ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ ПАНТЕОНЫ



Посейдон



Зевс



Айд  
MyShared

- Көне грек құдайлары пантеонында әйел құдайлардың орны ерекше. Мәселен, отбасы құдайы және өмірлік қуат беруші, от қорғаушысы **Гестия** Космостың және әлемнің орнықты құрушысының мәңгілігі мен шексіздігінің рәмізі. Ал, диқаншылық пен молшылық құдайы **Деметра** (грек тілінде –Жер ана) бидай тұқымын беріп, адамдарды диқандыққа үйретті. Бүкіл табиғат тек соның мейірімі аясында гүлдеп, шешек жарады. Зевстің баласы Аполлон мифология да әрі қатал, әрі мейрімді болып суреттеледі. Ол –циклоп, титан, алыптар т.б. құтқармайтын құдыретті жебенің иесі, емшілермен тәуіптердің қорғаны, барлық аурулардан сауықтырушы. Бертін келе пайғамбарлар мен көріпкелдердің құдайы, қалалар тұрғызушы, көркем өнермен музыканың құдайы. «Мусагет» атағын алған соң, оған лирикалық поэзия, өлең, эпикалық поэзия, тарих трагедия, гимн, би, комедия, астрономия музалары бағынатын болды. Аполлоның қарындасы, аңшылық құдайы Артемида-нифалармен Эллада тауларын кезіп жүріп, табиғат әлеміндегі үйлесім мен тәртәпті қадағалаушы. Мифте Артемида өте қатал құдай ретінде баяндалады.




# ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ ПАНТЕОНЫ



Деметра



Гера




Гестия

Гректердің әйел құдайларының аса құдіреттісі – **Афина**. Ол – даналықтың, өнердің кәсіпшіліктің және соғыстың құдайы. Әкесі Зевс оған найзағай оғын сеніп береді. Афинаның құдіреті даналығы саясатшылармен мемлекет басқарушыларының даналығы, өмір даналығы. Оның атымен аталған және соның қамқоршығындағы қаылада әділдік, заң және демократия үстемдік етті. Осы қалада әр айдың соңғы он күні Афинаға арналып, салтанатты шерулер өткізу тәртібі болған. Көне гректер Афинаны қолына найзамен қалқан ұстаған, даналығының символы-жапалақ пен жылан ере жүретін әйел бенесінде суреттелген.

Классикалық грек мифологиясындағы Зевстің қызы, махабатпен сұлулық құдайы Афродита сонымен қатар бейбіт өмір, молшылық, көктем және бақытты неке құдайы. Оның құдыретті Афина, Артемида және Гестиядан басқа әйел құдайлардың баршасына жүреді. Оның күйеуі-от құдайы және ұсталық иесі – Гефест. Оның қолынан небір тамаша дүниелер шығады. Зевстің найзағайына дейін соның жасаған дүниелері. Гефест қолөнершілер қаласы Афинада және Самоа аралында ерекше қастерленген. Самоада оның құрметіне Гефестион және Гефестополь қалалары тұрғызылған.



# ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ ПАНТЕОНЫ



Арес



Афина



Гермес

# ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ ПАНТЕОНЫ



**Артемида**



**Аполлон**



**Афродита**



**Арес-Зевстің баласы, ешқандай мән мағынасыз қантөгіс соғыстарының құдайы.**

**Гермес-грек құдайларының ішіндегі ең іскері, жүргіншілердің желеп-жебеушісі, өлген адамдарының жанының жер асты әлеміне сапарына жол бастаушы, Зевстің баласы әрі көмекшісі. Оның құрметіне барлық жол тараптарына сәулетті бағаналар тұрғызылған. Герместің табиғатының екінші жағы-ол табиғат құпияларының тылсым сырларын біледі, бақташылардың алаяқтардың, адамшылар мен ұрылардың да жебеушісі саналған.**

**Дионис-жүзімшілікпен шарапшылық және жердің молшылық қуатының құдайы. Ол кәдуілгі әйелден-Семеладан туады. Дионис, адамдардың мастық сезімімен көңіл сарайының ашылып, кенеттен шабытттануына жігерлендіруші болып саналады. Ол осы тұрғыдан шығармашылықтағы үйлесіммен тереңдікке сатылар, ойлау арқылы байыппен баруды уағыздайтын Аполлон қағидасына қайшы келеді. Осыдан көркем өнермен мәдениет тарихында «дионистік» және «аполлондық» бастаулар деген түсінік қалыптасты. Гемос-күн сайын отты арғымақтармен көкті шарлап, барша әлемге жарық пен жылу таратушы күн құдайы Кеш түсе ол қайыққа отырып, теңізді жүзіп өтіп, ертемен көтерілетін жеріне барып тұрады. Ол қылмыскерлерді зағип етеді.**

# ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ ПАНТЕОНЫ



**Гефест**



**Дионис**



- Көне грек мифологиясында қаһарман-жартылай құдайлар бейнесі көп ұшырасады. Олар кәдуілгі адам түрінде, бірақ ол адам құдыретті артығырақ бейнеледі. Құдайлар мен адамдар қосылып, ұрпақ береді. Кейде олар құдай дағыласын құрады. Қаһарман-жартылай құдайлардың бастаған істерін аяғына жеткізіп тындырады. Олардың басты міндеттері-жердің бетін және жер асты әлемін ескі құдайлармен түрлі құбыжықтардан арылту. Олимп кезеңіндегі мифологияда әлем құрушысы үйлесімді түрінде суреттеледі, өмір жоғары құндылық ретінде бағаланғаны аңғарылады. Осыдан бұл кезеңде трагедиялық сары уайымшылдық сарыны байқалмайды.
- **Көне гректердің сенімдерімен ғұрыптарының ерекшеліктері.** Көне гректердің діни сенімдері Гомердің қаһармандары заманынан бертінге дейінгі діни дәстүрлер түрінде ғұрып салттарды сақталып келеді. Көне грециядағы дін мемлекет саясатымен, мемлекетті басқару мәселелерімен тығыз байланыста болды. Абыздар мемлекет қызметінде саналды. Гректер таң сайын міндетті түрде күн құдайы Гемосқа арнап дұға оқитын еді. Көп адамдар қатынасқа тойлармен халық жиналыстарында ерекше дұғалар оқиды.

□ **Дін қызметшілерінің тағы бір маңызды қызметі-** құстың үш құрылысына немесе ұшуына, аспан денелерінің қозғалысына, найзағайға қарап, болашақты болжау болатын. Гректерде осы болашақты айтуға байланысты ораку деген ұғым болды. Оның мәнісі құдайлардың дін қызметшілері арқылы қойылған сұрақтарға тікелей жауап беруі. Зевс, Геракл, Аполлон сияқты құдайлардың әрқайсының оракулдары болған. Осылардың ішінде Гея, Фемида және Аполлонға арналған Дельфадағы оракул әсіресе әйгілі еді. Грек діндері адамның тән сұлулығын уағыздады. Бұл белгілі мерзімде өткізіліп отыратын бейбіт сайыстарынан көрініс тапты. Тәні сау, күшті адамдарды көріп, құдайға разы болып отырды деп саналды. Біртіндеп бұл сайыстар **Олимп ойындарына** ауысты. Барлық құдайларға арналған осы ойын кезінде соғыс қимылдары тоқтатылатын болды. Олимп ойындарының өткізілуімен байланысты жыл есебі жүргізілетін болды. (жыл есебі б.д. д. 776 ж басталды) Көне грек діні көп политейстік діні болып табылады. Гректер тәңірлерін аспанын ең жоғарғы қабатында отыратын болмыстар ретінде суреттейді. Бас құдай Зевс Олимпия тауында отырады. Оның әйелі Гера Аристотельдің айтуынша грек тәңірлері өлмейтін адамдар, олардың ақлақ тұрғысынан артықшылығы болмаған. Гректер өлгендердің өмір сүретіндігіне және дүниеге қайта келетіндігіне сенеді.



# Ежелгі Римнің картада орналасуы



# ЕЖЕЛГІ РИМ

---

- Римдіктер өздері жаулап алған халықтардың құдайларына да теріс қарамады, өйткені оларды басқа кейіптегі өз құдайларымыз деп қабылдады. Сөйтіп олардың құлшылық ету жолына тыйым салмай, оны өздері де ұстанатын болды. Осылайша қол астындағы бағынышты халық көбейген сайын, римдіктер ұстанатын діни рәсімдердің саны да өсе берді. Олардың дінінде бір құдайға адалдық таныту талап етілмейтін. Адамдар бір уақытта бірнеше құдайға құлшылық ете беретін.
- Римдіктердің басты құдайы Юпитер еді. Ол Оптимус Максимус, яғни ең жақсы да ең ұлы деп аталатын және жел, жауын, найзағайдың құдайы саналатын. Юпитердің қарындасы әрі жұбайы Юнона әйелдердің өмірінің барлық саласын қадағалайтын ай құдайы болып есептелетін. Ал қызы Минерва болса, қол өнері, кәсіп, бейнелеу өнері жәнесоғыс құдайы саналатын.



- 
- Римдіктер олардан басқа да сан алуан құдайларға табынатын. Ларалар мен Пенаттар үй құдайлары болатын. Веста отбасына бақыт әкелетін әйел тәңір еді. Екі бетті Янус барлық бастаманың құдайы саналатын. Сондай-ақ әр кәсіптің де құдайы болатын. Римдіктер тіпті абстрактілі нәрселердің де құдайлары бар деп ойлаған. Мысалы, Пакс бейбітшіліктің, Салус денсаулықтың, Пудисития қарапайымдылық пен пәктіктің, Фидес шыншылдықтың, Виртус батылдықтың, Волюптас ләззаттың құдайы болатын. Рим қоғамы мен жеке адамдардың өмірі құдайлардың еркіне тәуелді деп есептелетін. Сондықтан қандай да бір істің нәтижелі болуы үшін дұға ету, құрбандық шалу және діни мереке өткізу арқылы өмірдің сол саласына қарайтын құдайды риза қылу керек-тін.
  - Римдіктер құдайлардың еркін белгілерге қарап білуге болады деп ойлайтын. Көбінесе олар құрбандыққа шалынған малдың ішкі мүшелеріне қарайтын. Өйткені малдың ішкі құрылысының күйі мен түрінен құдайлардың іске оң батасын беретін-бермейтінін білуге болады деп ойлайтын.

- 
- Біздің заманымыздан бұрынғы II ғасырдың соңында римдіктер гректердің құдайлары өздерінің басты құдайларының баламасы деп қарастыра бастады. Мысалы Зевс Юпитердің, Гера Юнонаның баламасы саналатын. Сондай-ақ римдіктер грек құдайлары туралы мифтерді де қабылдаған. Бұл — адамдарға тән кемшіліктері мен шектеулері бар құдайлар туралы аңыз әңгімелер еді. Мысалы, Зевс пенделермен және құдайлармен жыныстық қатынаста болатын және тіпті балаларды да зорлайтын құдай ретінде суреттелетін. Сол уақыттағы театрларда құдайлардың ұятсыз қылықтарын қызыға тамашалайтын адамдар олардың әрекеттерін қайталайтын. Бұл аңыздарды көзі ашық адамдардың азғанасы ғана тура мағынада қабылдаған сияқты. Өзгелері болса оларды ойдан шығарылған әңгіме деп есептеген. Понти Пилаттың “шындық деген не?” деп сұрауына осындай жайттар себеп болған сияқты (Жох. 18:38). Бұл абсолютті шындық жоқ деп есептейтін сол кездегі оқымысты адамдардың көзқарасын білдіретін сұрақ еді.